

Шанхай ынтымақтастық үйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің мәжілісін дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 22 ақпандағы N 31-е Өкімі

Шанхай ынтымақтастық үйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің мәжілісін дайындау және 2005 жылғы 24-25 ақпанда Астана қаласында өткізу жөніндегі протоколдық-үйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

Шанхай ынтымақтастық үйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің мәжілісін (бұдан әрі - мәжіліс) дайындау және 2005 жылғы 24-25 ақпанда Астана қаласында өткізу жөніндегі протоколдық-үйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін;

Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Шанхай ынтымақтастық үйымының Хатшылығы ресми делегациялары (бұдан әрі - ресми делегациялар) мүшелерінің 1+3 формат бойынша қонақ үйде тұруына 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаржат есебінен 2581224 (екі миллион бес жүз сексен бір мың екі жүз жиырма төрт) теңге сомасында қаржат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) ресми делегациялар мүшелерінің әуежайдығы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, ресми делегациялар арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, олардың тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мәжілістің бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

5. Астана қаласының әкімі ресми делегацияларды қарсы алу және шығарып салу, Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру, мәдени бағдарлама ұйымдастыру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің атынан ресми қабылдауда концерттік бағдарлама ұйымдастырысЫН.

7. Осы әкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК